

Ақпан айының 24 жұлдызында Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті Машина жасау факультеті «Нанотехнологиялар және металлургия» кафедрасы МЕТ – 17- 1 тобының студенттерімен ұлы Абайдың 175 жылдығына орай «Қалың елім – қазағым...» атты шеберлік кураторлық сағаты өткізілді. Ашық кураторлық сабақ барысында ұлы ақынның өмір жолына шолу жасалды, топ студенттері Абай шығармаларын, өлеңдері мен кара сөздерін жатқа оқыды, әндерін шырқады, қатысушыларға ақын өмірі жайында әр түрлі сұрақтар қойылды. Кураторлық сағат соңына қарай ашық сабаққа қатысушы оқытушылар да ақынның өлеңдерін жатқа оқыды, Абай шығармаларының маңыздылығы, ой тереңдігі мен тәрбиелік мәні туралы ойларын білдірді, топ студенттерімен ұйымдастырылған хакім Абай еңбектеріне арналған кітап көрсемін тамашалады.











































